



# ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta\_eltilegi@mail.ru

№15 (975) Сәрсенбі 22 сәуір 2026 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

## ЖАҢА ДРАМА ТЕАТРДЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Президент саябағының аумағында жаңа драма театрдың іргетасы қаланып, капсуласын салу рәсімі өтті. Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты жаңа нысан құрылысының басталуымен құттықтады.



«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы қаламызда өткен Ұлттық құрылтайдың қорытынды отырысында «Жалпы «Сыр елі – жыр елі» деп бекер айтылмайды. Қорқыт аға заманынан жалғасып келе жатқан жыраулық-жыршылық және күйшілік өнер бұл

аймақта кең қанат жайған» деп атап өтіп, Қызылордадағы жаңа драма театр құрылысы биыл басталатынына тоқталған болатын. Театр ұлтымыздың болмыс-бітімін сақтауға, руханиятты байытуға зор үлес қосып келеді. Жетпіс жылдан астам тарихы бар, казак театр



өркениетінің қарашаңырағы Нартай Бекежанов атындағы облыстық казак музыкалық драма театры – Сыр өңірінің мәдени өмірінің ажырамас бөлігі. Бүгінде репертуарында 60-тан астам қойылым бар. Шығармашылық ұжым жыл сайын 70 мыңнан астам көрерменге рухани азық сыйлайды. Президент саябағы аумағында іргетасы қаланатын жаңа театр – төл өнерімізді түлететін, жас буынның шығармашылық әлеуетін шыңдайтын, ұлттың жаны сөйлейтін киелі мекен болады деп сенеміз», – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Қызылорда – казак театр өнерінің негізі қаланған жер. Бір ғасыр бұрын

жаңадан құрылған ұлттық театрдың алғашқы қойылымы осында сахналанған. Сыр жұртшылығы халқымыздың асыл мұраттарын, құндылықтарын сахна арқылы ұрпақ санасына сіңіріп келген ұлт театрының Қызылордадан бастау алғанын мақтанш тұтады. Қазақтың ұлттық кәсіби театрының шымылдығы түрілген Қызылордада бір ғасырдан соң жаңа ғимараттың іргетасы қалануының өзіндік мәні бар.

Айта кету керек, 2022 жылдан бері өңірде 22 мәдениет нысаны жаңадан салынып, ел игілігіне берілді. Барлық ауданда «Руханият орталықтары» ашылды. Облыстың бас шаһарында «Өнер

орталығы», «Анаға тағзым», «Отбасы орталығы», «Оқушылар сарайы» бой көтерді.

Бытыр Қызылорданың астана болғанына 100 жыл толуына орай облыстық тарихи-өлкетану музейінің, Ассамблеяның 30 жылдығына орай «Қазатөнеркәсіп» компаниясының қолдауымен «Достық үйінің» жаңа ғимараты салынды. Кейінгі жылдары «Сырт жүлдыздары» академиясы, Жалағаш, Жаңақорған, Шиелі аудандарында «Өнер мектебі» мен «Оқушылар үйі» іске қосылды. Жақында тәулік бойы жұмыс істейтін Президенттік кітапхана құрылысы басталады.



### «ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2026 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 4502 теңге 22 тиын

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАҢДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:  
8 705 982 76 61,  
8 777 752 54 63.

## ӨНЕР ҰЖЫМЫ ТҮРҒЫҢДАРҒА ЕРЕКШЕ ӘСЕР СЫЙЛАДЫ

Роза Бағланова атындағы Қазалы аудандық мәдениет орталығында Нартай Бекежанов атындағы облыстық музыкалық драма театрының «Болмаған балалық шақ» атты тағылымы мол қойылымы сахналанды. Жазушы Ақберген Елгезектің тағылымды туындысын қазалылық көрермен жылы қабылдап, өнер ұжымының шеберлігіне зор ризашылығын білдірді.

Қойылымда тағдыр тауқыметін ерте тартқан баланың мұны мен жан жарасы, балалық шақтың ауыр көріністері шынайы бейнеленді. Шығарма арқылы жиылған көрермен өмірдің қиындығына мойымай, үміт пен сенімнің құндылығын ұғынды. Терең психологиялық иірімдерге құрылған қойылым адам жанының нәзік болмысын әсерлі жеткізіп, көпшілікті тебірентті.

Қойылым соңында Нартай Бекежанов атындағы облыстық академиялық музыкалық драма театрының өнерпаздары қазалылық көрермендердің ыстық ықыласы мен зор қошеметіне бөленді.



### КЕНТ ӘКІМІ САЙЛАНДЫ

Мәжілісте қала әкімі Нұржан Ахатов 19-шы сәуірде өткен сайлау нәтижесімен халық қолдауына ие болған кент әкімі Жасұлан Сәлуді таныстырды.

Жасұлан Хабидуллаұлы осыған дейін де Белкөл кентін басқарды. Халықпен тығыз жұмыс жасап, тұрғындардың оң бағасын алды. Мәжіліс отырысында қалалық сайлау комиссиясының төрағасы Ғалым Баймырзаев Жасұлан Сәлуді кент әкімінің куәлігін тапсырды.

Шаһар басшысы Нұржан Ахатов кент әкіміне ардагерлер ұйымы және жергілікті қоғамдастық өкілдерімен бірлесіп жұмыс жасауды, халықпен тығыз байланыста болуды, кәсіпкерлікті дамытуды тапсырып, алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

## КӨРМЕНІҢ АШЫЛУ РӘСІМІ ӨТТІ



Сырдария ауданының «Руханият» орталығында 18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау

күніне орай Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің «МУЗЕЙ TOUR: экспонаттар мен тарихи орындарды қорғау

аясында «Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығының «Отырар алқабының қалалық мәдениеті және тарихи-мәдени

мұрасы» атты көшпелі көрмесінің ашылу рәсімі өтті.

Ашылу салтанатына аудан әкімінің орынбасары Диас Молдабаев, зиялы қауым өкілдері, тарихшылар мен өлкетанушылар, студенттер, музей мамандары мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Көрменің мақсаты – Отырар алқабының сан ғасырлық қалалық мәдениеті мен тарихи-мәдени мұрасын кеңінен таныстыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу. Іс-шара қонақтарына көрме бойынша экскурсия жүргізіліп, Отырар алқабындағы қалалық өмір, тұрмыс, егіншілік, колонер, сауда-саттық жайында толыққанды мәліметтер айтылды.

Алдағы уақытта да мұндай іс-шаралар ұйымдастырылып, Сырдария ауданының мәдениет саласының дамуы үшін бірқатар жұмыстар атқарылатын болады. Бұл тұрғыда аудандық музей ұжымы да өз үлесін қосатын болады.



## АБАТТАНҒАН АУЛА – ШАҒАР ШЫРАЙЫ

Аймақ басшысының бастамасымен өңірдегі барлық салада серпіліске толы жемісті жұмыстар жүргізілуде. Кәсіпорындар мен зауыттар ашылып, халық сұранысындағы әлеуметтік нысандар бой көтеруде. Жаңадан жұмыс орындары құрылып, түйткілді мәселелердің түйіні тарқатылуда. Осылайша Сырдың бас шағары алып құрылыс алаңына айналып, сәулеті мен дәулеті тасыды. Қызылорданың қарқынды дамуы өзге аймақтарға үлгі болды. Бүгінде жасампаз жобалар легі жалғасуда. Соның бірі – көпқабатты тұрғын үй аулаларына салынып жатқан балалардың ойын және спорт алаңдары.

Іглікті іске қызылордалықтардың алғысы шексіз. Өткен жылдың өзінде облыс әкімінің қолдауымен бөлінген 1,3 млрд. теңгеге көпқабатты 20 тұрғын үйдің ауласына заманауи алаңдар орналастырылып, аумақтары абаттандырылды. Өсіресе, жоба шет аймақтарда жүзеге асырылды. Бұл бағыттағы жұмыстар биыл да күшейтіліп, қаржы көлемі де еселенді. Яғни, бөлінген 1,9 млрд. теңгеге 29 көпқабатты тұрғын үйдің ауласына балалардың ойын және спорт алаңдарын салу жоспарланды.

Қазіргі кезде мердігер мекеме құрылыс-монтаж жұмыстарын бастап кетті. Бұдан бөлек, «РеалСтройСнаб» ЖШС-нің демешілігімен 20 тұрғын үй ауласындағы ойын және спорт алаңдарына орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Қала әкімі Нұржан Ахатов құрылыс алаңдарында болып, мердігер мекеме басшыларына жұмысты сапалы және мерзімінде атқаруды тапсырды.

– Аймақ басшысы тұрғындардың талап-тілегін ескерусіз қалдырмай, қажетті шараларға қолдау білдіріп келеді. Жаңа ойын және спорт алаңдарын салу да сол игіліктің дәлелі. Сондықтан мердігер мекемелер жауапкершілікті сезініп, құрылыс сапасына ерекше мән беруі қажет. Бұл алаңдар ұзақ жылға қызмет етуі тиіс, – деді Нұржан Сәбитұлы.



## ВЕЛОЖАРЫС ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

Қызылордада Қазақ КСР-іне еңбек сіңірген жаттықтырушы Ли Валентин Захарович пен КСРО спорт шебері Бадретдинов Раис Салиховичті еске алуға арналған 15-16 жас аралығындағы жасөспірім қыздар арасында тас қолдан республикалық веложарыс өтті.

Жарысқа еліміздің жеті өңірінен - Алматы облысы, Жетісу облысы, Қарағанды облысы, Астана қаласы, Жамбыл облысы, Шығыс Қазақстан облысы және Қызылорда облысынан жалпы саны 60 спортшы қатысты. Жарыстың алғашқы күні қатысушылар 8 шақырымдық пролог бағдарламасында сынға түссе, екінші күні 54 шақырымдық топтық жарыста бақ сынады.

Сайыстың жабылау салтанатына «AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Жандос Базартай қатысып, жарыс жеңімпаздарын марапаттады. Ол жеңімпаздарды құттықтап, партияның бұқаралық спортты дамытуға ерекше көңіл бөліп отырғанын атап өтті.

«Бүгінде «AMANAT» партиясы елімізде салауатты өмір салтын қалыптастыруға, оның ішінде балалар мен жасөспірімдер спортты дамытуға бағытталған бірқатар жобаларды жүзеге асыруда. Өңірлерде спорт инфрақұрылымын жаңғырту, ауылдық жерлерде спорт нысандарын көбейту, жастардың спортпен жүйелі айналысуына жағдай

жасау – біздің басты басымдықтарымыздың бірі. Осындай жарыстар жас спортшыларға үлкен мүмкіндік беріп, олардың кәсіби тұрғыда қалыптасуына жол ашады, – деді ол.

Айта кетейік, Ли Валентин Захарович 1973 жылдан бастап Қызылорда облысында еңбек етіп, өңірде велоспорттың дамуына зор үлес қосқан. Ал Раис Бадретдинов – облыстағы алғашқы спорт шеберлерінің бірі, ұзақ жылдар бойы жас спортшыларды тәрбиелеумен айналысқан тәжірибелі маман.

Жарыстың маңызы ерекше. Мұндай республикалық деңгейдегі додалар жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттауға, спортқа қызығушылықты арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл – жас спортшылар үшін үлкен тәжірибе мектебі. Олар өзара бәсекелестік арқылы шеберліктерін шыңдап, өз күшіне деген сенімін арттырады.

Осындай айтулы жарыс жас таланттарды анықтап, болашақ чемпиондарды тәрбиелеуге берік негіз қалайды.



## ЖҰМЫС САПАСЫ БАҚЫЛАУДА

Қазалы ауданы әкімі Алмасбек Есмаханов Әйтеке би кентіндегі салынып жатқан ойын алаңдарын аралап, Р.Сабырбаев көшесіне жүргізілетін ағымдағы жол жөндеу жұмыстарының барысын көрді. Мердігер мекеме өкілдерімен кездесіп, жол сапасына ерекше мән беруді және салаға жауапты орынбасарына жұмыстарды тұрақты бақылауда ұстауды тапсырды. Биыл аудан орталығындағы С.Сейфуллин, Біржан сал, Жалғаш батыр, Ж.Аймауытов, М.Шоқай, С.Сүлейменов сынды бірқатар көшелердің асфальт қабатына ағымдағы жөндеу жұмыстары жоспарланып отыр.



Бұған дейін аудан әкімі Әйтеке би кентіндегі спорт алаңдарының жағдайымен танысып, жаңа нысандар салу және тозығы жеткендерін жөндеу жөнінде нақты тапсырмалар берген болатын. Соған сәйкес, қазіргі таңда кентте 2 жаңа спорт алаңын салу, тағы да 2 алаңға ағымдағы жөндеу жұмыстары басталуда.

Аудан басшысы жаңадан ашылған тұрғын үй аймақтарындағы А.Әсербаев пен Ж.Құдабаев көшелерінің қиылысында салынып жатқан жаңа спорт алаңын, Михайлок көшесі бойындағы жөндеу жұмыстары жүріп жатқан спорт алаңын көрді. Жауапты мердігерлерге барлық жұмысты сапалы әрі белгіленген мерзімде, аяқтауды тапсырды. Жаңа ойын алаңдарын 1 маусымға дейін толық аяқтап пайдалануға беру керектігін ескертті. Сонымен қатар

жаңа спорт алаңдарын бейнебақылау камераларымен жабдықтап, түнгі жарықпен қамтамасыз ету жөнінде кент әкіміне нақты тапсырмалар жүктелді.

Аудан әкімі Әйтеке би кентіндегі Желтоқсан және В.С.Частнов көшелеріндегі көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларында салынып жатқан қоғамдық әжетханалардың құрылысымен де танысты. Бұған дейін аталған үйлердің тұрғындары тарапынан тұрғын үйлердің қас беттерін жөндеу мен шатырын ауыстыру, коқыс көнгейлерін қою, көріз суын төгетін арнайы орындарды салу және қоғамдық әжетхана салу сынды мәселелер көтерілген болатын. Бүгінде тұрғындар көтерген мәселелер кезең-кезеңімен толықтай шешімін табуда.

«Ел тілегі» ақпарат

## ӨҢІРДЕ ИММУНДАУ АПТАЛЫҒЫ ӨТПЕК

Өңірде 24-30 сәуір аралығында «Вакциналар әр ұрпақ үшін жұмыс істейді» ұранымен имундаудың еуропалық апталығы өтеді. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында белгілі болды. Жыныға Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Мирзанова Мая Миранбайқызы және облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әбдіқайымова Әлия Мүтәліпқызы қатысып, өңірдегі имундау жұмыстарының маңызына тоқталды.

«Жыл сайын сәуір айының соңғы аптасында өткізілетін Дүниежүзілік және Еуропалық имундау апталығы барлық адамның өз денсаулығына деген жауапкершілігі, имундау нәрсесте өлім-жітімді едәуір азайтып, миллиондаған асқынудың алдын алуға мүмкіндік беріп отыр. Бүгінде балалардың аман-есен өсіп, дамуына вакцинацияның үлесі зор», – деді Мая Мирзанова. Ал Әлия Әбдіқайымова вакцинацияның қоғам үшін маңызын атап өтті. «Профилактикалық екі екеп күнтізбесіне сәйкес

жүргізіледі. Ол 21 инфекцияға қарсы қорғанысты қамтиды. Қазіргі таңда облыста 215 екеп кабинеті жұмыс істейді, ал шалғай елді мекендерге 44 жылжымалы бригадалар қызмет көрсетуде. Вакцинадан бас тарту көбіне әлеуметтік желілердегі жалған ақпараттарға байланысты. Тұрғындарды тек ресми дереккөздерге сүйенуге шақырамын. Имундау апталығы аясында халықтың ақпараттылығын арттыру, ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізу және білім беру ұйымдарында насихат күшейтілмек», – деді ол.

Мамандардың айтуынша, екеп тек жеке адамның емес, тұтас қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды құрал. Сондықтан әрбір азамат уақытылы вакцина алып, өз денсаулығы мен жақындарының амандығына жауапкершілікпен қарауы тиіс.

## АИТВ-НЫҢ ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛЫ

Бүгінгі күні әлемді дүр сілкіндіріп адамның өмір сүруіне қауіп төндіріп отырған бұл ауру әркімді алаңдатыр сөзсіз. АИТВ (Адамның имундық тапшылық вирусы). Адамзат басына төнген зұлмат ауру көптеген елдерде қысқа мерзімде етек жайып, қаншама адамдардың өмірін жалмады.

АИТВ алғашқы рет 1981 жылы АҚШ-та тіркелген. Ауру 25-45 жас аралығындағы ер адамдарда байқала бастаған екен. Қазіргі уақытта әлемде АИТВмен 50 миллионнан астам адам тіркелсе, оның 22 миллионы қайтыс болған. Басқа індеттерге қарағанда бұл ауру жас адамдарды көбірек зақымдайды. Бұл сырқатты жұқтырушылардың 70 пайызы жастар. Демек жастар-атаалмыш дертке шалдығушылармен қатар қоғамның неғұрлым дертке шалдыққыш тобының бір бөлігіне айналып отыр.

Атылмыш дерт артүрлі жағдайда жұғуы мүмкін. АИТВ (Адамның имундық тапшылық вирусы) ағзаның барлық биологиялық сұйықтықтарында пайда болады. Бірақ, зарарлануға қажетті қоздырушының керекті саны тек қанда, шәуетте, қынапта, лимфада және ананың сүтінде (ананың сүті тек нәрестелер үшін ғана қауіпті – олардың асқандарында АИТВ-ны өлтіретін асқазан қышқылы өнделмейді) болуы мүмкін. Індет адамның қан және лимфоток арқылы тікелей қауіпті биосұйықтықтарынан, сонымен бірге зақымдалған шырыш қабыршақтарына (бұл шырыштылардың сіңу қызметіне негізделді) түсуі жолымен де болады. Егер АИТВ-жұқпасының қаны басқа адамның қаны жүріп тұрған ашық жарасына түскенде жұқпаның әсері болмайды.

АИТВ – тұрақсыз вирус – ағзадан тыс ортада, қанның (шәует және қынаптың)



кебуінде өледі. Індет тұрмыстық жолмен берілмейді. АИТВ 56 С градусынан жоғары жағдайында лезде өледі. Бірақ, тамыр арқылы инфекцияларда вирустың таратылуының дәрежесі өте жоғары – 95%-ге дейін. Инемен шаншуда медперсоналға АИТВ-ның жұғуы жолдары да тіркелген. Бұндай жағдайда, АИТВ таратылуы жолдарының алдын алу мақсатында (пайыз үлестеріне дейін) дәрігерлерге жоғары белсенді антиретровирустік терапияның төрт апталық курстары тағайындалады. Химиопротектика, сондай-ақ жұқпалану кәтеріне тәуелді өзге адамдарға тағайындалады. Химиотерапия вирустың ықпалын таратылуынан кейін 72 сағаттан аспай тағайындалады.

Нашақорлардың бірнеше рет инелер мен шприцтерді пайдалану АИТВ-ның таратылуына әкеліп соғады. Оның алдын алу үшін арнайы қайырымдылық орындары құрылады, онда ақысыз негізде қолданылған шприцтер орнына таза шприцтер беріледі. Сонымен

бірге жас нашақорлар жыныстық белсенді, қорғалмаған жыныстық қатынастарға жие түседі, бұл вирустың таратылуына қосымша жол ашады. Статистика көңілге жағымсыз дерек келтіріп отыр. Қазақстанда жалпы АИТВ-мен ауыратын-62048 адам болса, соның ішінде Аталмыш дертке сүйенсек ең көп тараған облыстар- Алматы-10303, Оңтүстік Қазақстан-2846, Павлодар-4763, Қарағанды-8513. Ал өзіміздің қызылорда облысында-395 сырақ адам бар, бұл басқалармен салыстырғанда қуантарлық жағдай. Соңғы кездері қоғамда АИТВ-жұқтырғандарға деген көзқарас, қарым-қатынас сантүрлі болатыны жасырын емес. Кейде қоғам немесе сыраққа шалдыққандардың туған –туысқандары тарапынан теріс қарым-қатынас науқастарды өлімге итермелейтіні жасырын емес. АИТВ-ға зақымданған адамдарды көпшіліктен аластауға болмайды, керісінше бұл адамдар қолдаумен түсіністікті қажет етеді. АИТВ-оба емес, оған карантиндік

шаралар енгізудің қажеті жоқ. Кемсітушілікке ұшырап кетем бе деген қорқыныш адамдарды АИТВ-статусын ашық мойындауға немесе одан емделуге мүмкіндік бермейді. АИТВ ауруына шалдыққандарды кемсітіп, саулардан бөлу арқылы біз адам құқығын бұзамыз, қоғамда олар туралы қате көзқарас туғызамыз. Күнделікті тіршілікте дертке шалдыққан адамдармен араласуға қорқуға болмайды. Айықпас дертке шалдыққандардың саны күн санап артып келе жатқандығы ашы да болса шындық. Облысымызда АИТВ жетегінде жүрген адамдардың өмірі олардың өздерін ғана емес, көзі ашық көңілі қарақты адамдардың ойын мазалайтыны қуантарлық жағдай. Осы ретте болашақ ұрпақ қамын ойлаған педагог-мамандар, медицина қызметкерлері қауіпті дертке шалдыққандардың өмірін сақтап қалу жолында барынша еңбек етіп, түрлі алдын алу іс-шараларын өткізуде.

Мәселен, АИТВ инфекциясының алдын алу орталығында сенім пункттері ашылған, олар атылмыш дертті жұқтырған адамдармен психологиялық жұмыс, оқыту-тренингтерін жүргізеді және қоғамның осындай осал тобына жататын адамдармен қарым-қатынаста болуға мүмкіндік береді. Сол арқылы АИТВ- туралы сапалы ақпарат жеткізіп, оқыту семинарларын жүргізеді.

«Сақтықта қорлық жоқ» демекші, осындай орындардың жұмысы негізінен АИТВ-ға қашанда жеке бастың тазалығы мен жауапкершілігіне байланы екендігін, тек тереңнен ойлап, сақтықпен әрекет ету керектігін дәлелдеумен ерекшеленеді.

**П.ЖОЛДЫБАЕВА,**  
АИТВ орталығы Қазалы филиалы меңгерушісі

## ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ – ТИІМДІ МЕНЕДЖМЕНТТІҢ НЕГІЗІ

Қазіргі кезеңде денсаулық сақтау жүйесінің басым бағыты – ауруларды емдеуден бұрын олардың алдын алу болып табылады. Осы тұрғыда қоғамдық денсаулық сақтау халықтың денсаулығын қорғау мен нығайтуға бағытталған стратегиялық маңызды сала ретінде ерекше мәнге ие. Тиімді басқару жүйесі алдын алу шараларын дұрыс ұйымдастыру арқылы қоғамның жалпы денсаулық деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Алдын алу шаралары – аурулардың пайда болу қаупін төмендетуге бағытталған кешенді іс-әрекеттер. Олардың қатарына профилактикалық тексерулер, скринингтік бағдарламалар, вакцинация, салауатты өмір салтын қалыптастыру және санитарлық-ағарту жұмыстары жатады. Бұл шаралар ауруларды ерте кезеңде анықтауға, асқынудың алдын алуға және халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы менеджердің негізгі міндеті – ресурстарды тиімді жоспарлау мен басқару. Медициналық ұйымдарда алдын алу шараларын жүйелі



түрде жүргізу үшін кадрлық, қаржылық және апараттық ресурстарды дұрыс үйлестіру қажет. Сонымен қатар, басқару процесінде деректерге негізделген шешім қабылдау маңызды рөл атқарады.

Қазіргі таңда цифрлық технологияларды енгізу қоғамдық денсаулық сақтаудың тиімділігін арттырады. Электронды денсаулық сақтау жүйелері мен мобильді қосымшалар арқылы халықтың денсаулық көрсеткіштерін бақылау, талдау және болжау мүмкіндігі кеңейіп отыр. Бұл өз кезегінде басқарушылық шешімдердің жеделдігі мен дәлдігін қамтамасыз

етеді. Халықтың денсаулығын сақтау тек медициналық ұйымдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Сондықтан алдын алу шараларын жүзеге асыруда тұрғындардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету маңызды. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары, әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жүргізілетін насихат жұмыстары бұл бағытта үлкен рөл атқарады.

Қорытындылай келе, қоғамдық денсаулық және алдын алу шаралары – тиімді менеджменттің негізі болып табылады. Алдын алу саясатын күшейту арқылы халықтың денсаулығын жақсартып, денсаулық сақтау жүйесінің тұрақты дамуына қол жеткізуге болады. Сондықтан бұл бағыттағы басқаруды жетілдіру – қазіргі заман талабына сай маңызды міндеттердің бірі.

**Досжанов Жомарт Асылбекұлы**  
Облыстық медициналық жедел жәрдем станциясының бас дәрігерінің ұйымдастыру-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары



**ЗАҢ МЕН ТӘРТІП**  
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

## СОТТА ӨЗАРА КЕЛІСІМГЕ КЕЛДІ

Талап қоюшы Б.-мен мен жауапкер жеке кәсіпкер «А» арасында ағылшын тілі бойынша жеке сабақтар форматта білім беру шарты жасалып, талап қоюшы оқу бағдарламасын 360 000 теңгеге несие рәсімдеп, сатып алған.

Талап қоюшы сотқа жүгініп, онда жауапкердің шартта көзделген талаптарды бұзғанын, оқу уақытын хабарламай өзгергенін көрсетіп, төлеген оқу ақысын өндіруді сұрады.

Сотта жауапкердің өкілі шарттың талаптарын бұзғанын мойындап, оқу ақысы мен сот шығындарын қайтаруға келісті. Осылайша, тараптар сотта дау бойынша өзара келісімге келді.

Сот ұйғарымымен тараптар арасындағы татуласу келісімі бекітіліп, азаматтық іс бойынша іс жүргізуден тоқтатылып, талап қоюшыға мемлекеттік баж қайтарылды.



Қызылорда қалалық соты

## ӘКІМШІЛІК АЙЫППҰЛ САЛЫНДЫ

Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотында Е.-ге қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды. Анықталғандай, Е. дәріхана ішінде қызметте тұрған азаматша А.-ға быләпәт сөздер айтып, қоғамдық тәртіпті бұзып, айналасындағыларға сыйламаушылықты білдіретін әрекеттер жасаған. Сот отырысында Е. өзінің кінәсін мойындап, кешірім сұрайтынын, алдағы уақытта қайталамайтынын көрсетті.

Сот қаулысымен Е. Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 434-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 60 550 теңге әкімшілік айыппұл салынды.

Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты

## БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА



Тасбөгет кентіне қарасты Сабалақ саяжайында орналасқан №297 мектепте 7–10 сынып оқушыларының қатысуымен «Ұрлық пен алаяқтық қылмыстары, буллинг және кибербуллингтің алдын алу» тақырыбында танымдық кездесу өткізілді. Кездесуе қоғамдық қауіпсіздік бөлімі ювеналды полиция бөлімшесінің аға инспекторы, полиция майоры Қуаныш Жубаназаров қатысып, оқушыларға құқықтық түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, маңызды ақпараттармен бөлісті.

Кездесу барысында келесі мәселелер қарастырылды: Кибербуллингтен қорғану – әлеуметтік желілердегі қауіпсіздік ережелері, бейтаныс адамдармен байланыс орнатудың қауіптілігі; Құқықтық жауапкершілік – кәсіпкерлік қолмақандар арасындағы қорқыту, кемсіту (буллинг) әрекеттері үшін заң алдындағы жауапкершілік;

Достық ортаны қалыптастыру – мектептегі ауызбіршілік пен өзара құрметтің маңыздылығы.

Полиция майоры Қ.Ж. Жубаназаров оқушыларды кез келген жағымсыз жағдайға бейжай қарамай, дер кезінде ұстаздарға, ата-аналарға немесе құқық қорғау органдарына хабарлауға шақырды. Балалардың қауіпсіздігі мен жарқын болашағы – басты назарда.



## ҚЫЗЫЛОРДАДА ПОЛИЦЕЙЛЕР ТҮНГІ РЕЙД ЖҮРГІЗДІ



Қызылорда облысында кәсіпкерлік арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда. Осы бағытта облыстық полиция департаменті кешенді профилактикалық шараларды жүзеге

асырып келеді.

2026 жылдың алғашқы үш айының қорытындысы бойынша жасөспірімдердің қатысуымен жасалған қылмыстар саны 7,1 пайызға төмендеген. Осы жұмыстар аясында Қызылорда қаласында полиция қызметкерлері

## ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕГІ ТӘРТІП ҚАДАҒАЛАНУДА

Қала көлемінде 2026 жылдың сәуір айының 22–24 күндері аралығында «Қоғамдық көлік» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілуде. Іс-шараның мақсаты – жолаушылар тасымалдауды жүзеге асырушылар арасында көліктік тәртіпті арттыру, сондай-ақ желіде қызметін тіркеусіз жүзеге асыратын (ауданаралық, қалааралық, облысаралық және халықаралық) азаматтарға қатысты бақылауды жетілдіру. Сонымен қатар, жолаушылар тасымалдайтын көліктердің қатысуымен орын алатын жол-көлік оқиғаларының алдын алу.

**ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ ПОЛИЦИЯ БАСҚАРМАСЫ**

**ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК**  
ЖЕДЕЛ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАСЫ ӨТКІЗІЛУДЕ

Қала көлемінде ағымдағы жылдың сәуір айының 22–24 күндері аралығында «Қоғамдық көлік» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілуде.

- Іс-шараның мақсаты – жолаушылар тасымалдауды жүзеге асырушылар арасында көліктік тәртіпті арттыру, сондай-ақ желіде қызметін тіркеусіз жүзеге асыратын (ауданаралық, қалааралық, облысаралық және халықаралық) азаматтарға қатысты бақылауды жетілдіру.
- Сонымен қатар, жолаушылар тасымалдайтын көліктердің қатысуымен орын алатын жол-көлік оқиғаларының алдын алу.

**ҚАУІПСІЗДІК – БАЙЛАҒА ОРТАҚ**    **ТӘРТІПСІЗДІКKE ЖОЛ ЖОҚ!**    **ҚАУІПСІЗ ЖОЛ – ҚАУІПСІЗ БОЛАШАҚ**    **ЗАҢ МЕН ТӘРТІП – ЕЛ ҚОҒАМЫ**

**ЗАҢДЫ САҚТАЙЫҚ – ӨМІРДІ САҚТАЙЫҚ!**

## ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗДІ

Заң және тәртіп аясында Қызылорда қаласы Полиция басқармасы Қоғамдық қауіпсіздік бөлімі Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімшесінің және ювеналды полиция бөлімшесінің инспекторлары бірлесіп, №23 мектеп-лицейінің жоғары сынып оқушыларына құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Кездесу барысында оқушыларға жүктіліктің алдын алу, буллинг пен кибербуллингтің зияны, интернет-алаяқтықтан сақтану жолдары түсіндіріліп, құқықтық сауаттылықты арттыруға ерекше көңіл бөлінді.

Іс-шараның негізгі мақсаты – жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, сондай-ақ тұрмыстық зорлық-зомбылық деректерін дер кезінде анықтау болып табылады. Сонымен қатар, stalking әрекеттері үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылғаны туралы ескертілді.

## ЗАҢДЫ БІЛУ – ҚАУІПСІЗ БОЛАШАҚТЫҢ КЕПІЛІ

Қызылорда қаласы Полиция басқармасының ювеналды полиция қызметкерлері кәсіпкерлік арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында арнайы іс-шара өткізді.

Іс-шара аясында Текей батыр Қарпықұлы атындағы жоғары колледж студенттеріне Басқарманың Уақытша ұстау изоляторы, әкімшілік қамау орны және Жедел криминалистика бөліміне ашық есік күні ұйымдастырылды.

Кездесу барысында полиция қызметкерлері заң талаптарын сақтау, құқық бұзушылықтың салдары туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Студенттер өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, нақты жауаптар алды. Заңды білу – қауіпсіз болашақтың кепілі.

## ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

Қызылордалық полицейлер интернет алаяқтық пен буллингтің алдын алу мақсатында оқушылармен кездесті. Қызылорда қаласы Полиция басқармасының ювеналды полиция бөлімшесінің және криминалды полиция бөлімінің қызметкерлері білім беру ұйымдарының оқушыларымен кездесу өткізді. Кездесудің басты мақсаты – жасөспірімдер арасында интернет алаяқтықтың, буллингтің және өзге де құқықбұзушылықтардың алдын алу.

Шара барысында тәртіп сақшылары оқушыларға интернеттегі алаяқтықтың кен таралған түрлері, жеке деректерді қорғау, күмәнді сілтемелер мен бейтаныс тұлғалардан келетін ұсыныстарға сәк болу қажеттігі туралы түсіндірді. Сонымен қатар, буллингтің салдары мен оның алдын алу жолдары кеңінен талқыланды. Бұдан бөлек, дропкерлік қызметке тартылу, тонау және stalking секілді құқықбұзушылықтар туралы ақпарат беріліп, олардың заң алдындағы жауапкершілігі түсіндірілді.

Кездесу соңында оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, мамандардан нақты жауаптар алды.

## Бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы және сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы туралы тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында «ШалкияЦинк ЛТД» акционерлік қоғамы қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша 2025 жылғы 2-ші жарты жылдық есебі

16 сәуір 2025 жылы «ШалкияЦинк ЛТД» АҚ-ның әкімшілік ғимаратында, (мекен-жайы: Қызылорда обл., Жаңақорған ауданы, Шалкия кенті) «Бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы және сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы туралы тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында «ШалкияЦинк ЛТД» акционерлік қоғамы қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша 2025 жылғы 2-ші жарты жылдық есебі» тыңдалды. Оған «ШалкияЦинк ЛТД» АҚ-ның Бас директоры,

аппарат басшысы, экономикалық тәуекелдерді басқару және жоспарлау қызметі, логистика және кедендік сүйемелдеу қызметінің бастығы, бас бухгалтер және «КПТС» ЖШС-нің Бас директоры қатысты.

Тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы 2025 жыл 2-ші жарты жылдық Қызмет бойынша табиғи монополия субъектісі - «ШалкияЦинк ЛТД» акционерлік қоғамы Бас директорының баяндамасынан ақпарат:

1. 2025 жылдың 2-ші жарты жылдығыҚоғамның бекітілген тарифтік сметасының баптары бойынша Қызмет көрсетілуі мен өндірістік қажеттілікке қатысты шығындары, жалпы есеппен бекітілген бюджет бойынша –77343,38 мың теңге. Соның ішінде:

- «Материалдық шығындар» - бекітілген сметабойынша 19256,0 мың теңге, нақты орындалғаны 19748,19 мың теңге;

- «Енбекқағы төлеу шығындары» - бекітілген смета бойынша 36400,02мың теңге болса, нақты орындалғаны 48045,02 мың теңгені құрады.

- «Негізгі құралдар амортизациясы» – тарифтік сметада 384,0 мың теңгеге бекітілген, нақты – 477,90 мың теңгені құрады;

- «Салықтар» смета бойынша 3920,68 мың теңге, нақты орындалғаны 3957,00мың теңгені құрады;

- «Қадрлар дайындау» - тарифтік сметада 120,0 мың

140,36 мың теңгені құрады;

- «АҚЖ сақтандыру» - тарифтік сметада 1024,15 мың теңгеге бекітілген, нақты – 1024,15теңгені құрады.

- «Арнайы киім және ЖҚҚ» - тарифтік сметада 1040,76теңгеге бекітілген, нақты – 1040,76 мың теңгені құрады;

Сонымен қатар, Қоғамның 2025 жылғы 2-ші жарты жылдық Қызмет көрсету нәтижелері төмендегідей:

- «Қызмет көрсету мөлшері» - бекітілген смета бойынша 310720 ваг\*км болса, нақты орындалғаны 368600 ваг\*км.

- «Жалпы табыс» - бекітілген смета бойынша 52430,03 мың теңге болса, нақты орындалғаны 68401,11 мың теңге.

Реттеліп көрсетілетін қызметтер үшін бекітілген жалпы шығын 0,00 мың теңгені құрады.

Өндірістік шығындар көлемі - қызметтерді апаратын жағдайларсыз және сапалы беру мақсатында, өндірістік қажеттілікке байланысты материалдарға нарық бағасының өсуі, нақты амортизацияның ұлғаюы және жыл ішінде кірме жолдың қосалқы бөлшектерінің сатып алу рәсімдерінің кешігуі кері әсерін тигізуде.

2. Бекітілген тарифтік сметада шығындар 168,74теңге тариф бойынша есептелінген. Көлемнің ұлғаюына, өтемдік тарифтің (әрі қарай – Тариф) енгізілуіне байланысты жылдың қорытындысы бойынша орташа тариф 209,83теңгені құрады,жарты жыл аралығында тариф - 168,74теңге/ваг\*км құрады.

Қазіргі таңда, жөндеу жұмыстары, қажетті материалдар сатып алу порталы арқылы жарияланып, келісім шарттар жасалуда. Қаржыландыру көзі компанияның жеке қаражат есебі болып табылады. Ағымдағы жөндеу жұмыстары тоқтаусыз жүргізіліп жатыр.

Толық ақпаратты «ШалкияЦинк ЛТД» АҚ-ның ресми сайтынан <https://zinc.kz/ru/> көре аласыздар.

«ШалкияЦинк ЛТД» АҚ



## АКЦИЯ ӨТКІЗІЛУДЕ

2026 жылдың сәуір айының 20-нан бастап, республика көлемінде заңсыз сақтаудағы атыс қаруын, оқ-дәрілер мен жарылғыш заттарды сатып алу бойынша кезекті акция өткізілуде.

Аталған акцияның мақсаты – азаматтардан заңсыз сақталған қару-жарақтар мен оқ-дәрілерді өтемақы төлеу арқылы қабылдау.Тіркеуде жоқ атыс қаруын, оқ-дәрілерді және жарылғыш заттарды өз еркімен тапсырған азаматтар қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершіліктен босатылады.

Осыған орай, қала тұрғындарын заңсыз сақтаудағы қару-жарақтарды, оқ-дәрілер мен жарылғыш заттарды полиция бөлімдеріне тапсырып, қарумен жасалатын қылмыстардың өткеннен жағдайлардың алдын алуға өз үлестерін қосуға шақырамыз.

«Ел тілегі» ақпарат



Өткен ғасырдың 90-жылдарында жастың да, жасамыстың да аузынан түспейтін бір ән болды. Оны біздің замандастарымыз зор ықыласпен қабылдап, тез-ақ үйреніп алған. Бізден кейінгі толқын да қағыс қалған жоқ. Көгілдір экранда да үздіксіз беріп жатты. Ән бүкіл қазақ даласын тербеп тұрды, халықтың жүрегіне жол тапты. Ән қалай туды? Бұл қандай ән еді? Авторы кім? Әуелде шаруамыз болмады.

Сол кезде «Қазақстан» телеарнасынан «Кеш жарық» дейтін әдеби-музыкалық хабар әр аптаның жексенбі күні эфирге шығатын. Хабарды ақын Тынышбай Рахым өзі дайындап, өзі жүргізетін. Танымал жүрген таланттардың тұсауын кескен хабар көптің ықыласын аударған. «Кеш жарық» хабары арқылы танылған, бүгінде елге белгілі дәстүрлі әнші Сәуле Жанпейісова былай деп еске алады:

– Тынышбай ағамен бірге танылмаған таланттарды іздеп Қазақстанның біраз облысын араладым. Әсіресе Шымкент сапары есте қалды. Шырайлы өңірдің түк-тір-түкпірінен өте көп жиналған өнерпаздардың арасынан ең мықтыларын іріктеп алып, «Кеш жарық» хабарына шақырған едік. Бірде Атырауға сапарлайтын болып, әуежайға келіп, ұшақтың келуін күтіп отырдық. Тынышбай аға:

– Менде бір ән бар еді, соны сен қазір үйреніп аласаң қайтпайсың? – деді.

– Осы қазір ме, аға?

– Иә, қазір-ақ үйреніп аласың...

Домбырамды қорабынан алып ағаға ұсындым. Ол кісі мелодиясын екі рет ойнап, маған мәтінін берді. Шыңдығында оңай игеріп ала қойдым. Алматы әуежайының күту залында үйреніп алған ән «Боз орамал» болатын. Әнді Тынышбай аға жасырақ кезінде атыраулық бір қызға арнаған екен. Сол сапарда Атырауға барғасын «Боз орамалды» алғаш орындадым. Бүгіндері Атырауда «Боз орамалды» білмейтін адам кемде-кем шығар.

Енді негізгі тақырыбымызға көшейік: Сөз басында тоқталып өткендей, ел арасында лезде таралған ән «Алтайдың ар жағынан келген ару» Тынышбай Рахымдікі болып шықты. Ол әлеуметтік маңызды бар тарихи ән болды. Бір сәттік көзайым оқиғадан туған. Әннің әуезділігі, мәтін үйлесімі тыңдарманын бірден баурап ала қойды. Енді оның шығу тарихына тоқталайық:

1991 жылдың мамыр айында Алматыға арнайы шақырумен Қытайдан өнер өкілдері келді. Делегация құрамындағы жалғыз қазақ қызы Әмина Ержескқызы Шыңжаң телеарнасында диктор болып қызмет етеді екен. Ол екі жақтың арасына аудармашы болды. Қазіргідей кен қатынас орнаған заман емес, жүрген-тұрғанның бәрі тәртіптік хаттамаға бағынатын кез. Қайтар уақыт жетіп, қытайлықтар тегіс қозғала бастағанда әлгі қыз бөгіліп, жалтақтап артына қарай беріпті. Қыздың қимастық сезімін байқағанымен, қасына жақындай алмай, бір ауыз болса да сөйлесе алмағанына іштей өкінген ақын Тынышбай қатты толқиды. Қаршадай қыздың Отанына табаны тиіп тұрып, қала алмай бара жатқан сәтінде ақынның тілінің ұшына «Қимайтын жан екенсің жат ұяға» деген алғашқы өлең жолы оралады. Мұнан соң жүрекжарды шумақтар бірінен кейін бірі құйыла берді. Үйіне келгесін құйсандыққа отырып, саз тербейді. Осылайша «Алтайдың ар жағынан келген ару» деген ән дүниеге келді. Белгілі әнші Нұрғали Нұсіпжанов Тынышбайдың өтінішімен алғаш рет әнді көркемдік кеңеске орындап берді. Көркемдік кеңес әнді қабылдайды. Мұнан соң, Жетісайға барған сапарында Мақпал Жүнісова «Алтайдың ар жағынан келген аруды» домбыраға қосып орындаған. (Телеарнаның алтын қорында сақтаулы).

Сол концертке келіп отырған Жетісай театрының жас актері Сәкен Қалымов әнді ұнатып, жазып алады. 1993 жылы Алматыға оралғасын Сәкен әнді «Кеш жарықта» орындап, ол шын мәнінде әннің бағын ашқан еді. Сәкеннің орындауында ән тамылжып шықты, келе-келе оның төлқұжатына айналып, атағын аспандағты. «Бұл ең алғаш орындаған әнім еді. Ән халық арасына тез тарады. Оны аға буын біледі және айта жүретініне сенімдімін. Мен әннің құмыры ұзақ болса екен, ұмытылып кетпей, кейінгі ұрпаққа да рухани азық болса екен деген мақсатпен енді оны жеке орындамай, қосылып айтамын кыз іздедім» дейді әнші бір сұхбатында. Сөйтіп жүргенде Қытайдан Қазақстанға 2020 жылы оралған Гүлсинай Серік есімді қызды Республика сарайындағы бір концертте кездестірді. Танысады. Бірге суретке де түседі. Сәкен қызға «Алтайдың ар жағынан келген ару» әнін бірге айтуға құлаққағыс жасайды да, әннің нотасын беріп кетеді... «Сәкен ағамен қосылып айтсам, екі жаққа да белгілі болған ғажайып ән «Алтайдың ар жағынан келген ару» атына лайықты шыға ма? Әлде қалай болады? Тыңдарманға әнді дұрыс жеткізе аламыз ба?» деп Гүлсинай ойланп жүргенде көп уақыт өтіп кетіпті. Екі жылдан соң гана тәуекелге барған Қытайдан келген әнші қыз Сәкен ағасына қоңырау шалады. Екеуі кездеседі. Гүлсинайдың дауысы Сәкеннің көңілінен шығады. Мәтіні жазылып, дайын тұрғасын әуен өзара үйлесіммен шарықтайды. Мұны сонау 1991 жылы қытай мен қазақ арасына аудармашы болып келіп, атажұртың табан тіреген Әмина Ержескқызына арнаған Тынышбай әніне жауап деп түсінсек керек. Тындап көрдік, кезектесе шырқаған ән әдемі шыққан. Мәтіні ұзарған сол баяғы әуен. Біле жүрген артықтық етпес, осыдан 35 жыл бұрын дүниеге келген «Алтайдың ар жағынан келген ару» әніне қайтарған қыз жауабының мәтінін қосып, жаза кетейік:

Сәкен:  
Қимайтын жан екенсің жат ұяға,  
Қалқам-ау кез болдың ғой қапияда,  
шіркін!  
Мөп-мөлдір жанарың-ай,  
Жазидар жамалың-ай,  
Қалдым-ау тіл қата алмай,  
қарағым-ай.  
Қасына бар алмадым,  
Сездің бе жан арманым,  
Еріксіз қалқам саған ән арнадым.  
Гүлсинай:

# «Алтайдың ар жағынан келген ару» және қыз жауабы



Алыстап туған жерден қапияда,  
Бой жеттім елден жырақ жат ұяда,  
шіркін!  
Мөлдiрeп жанарым-ай,  
Жалт ете қарадым-ай,  
Ағажан бар ма менің амалым-ай,  
Аққу боп кетсем деймін,  
Отанға жетсем деймін,  
Сағыныш шерімді бір төксем деймін.  
Сәкен:  
Алтайдың ар жағынан келген ару,  
Жалт ете қарағаның емге дәру,  
шіркін!  
Мөп-мөлдiр жанарың-ай,  
Жазидар жамалың-ай,  
Қалдым-ау тіл қата алмай қарағым-ай.  
Қасына бара алмадым,  
Сездің бе жан арманым,  
Еріксіз қалқам саған ән арнадым.  
Гүлсинай:  
Алтайдың ар жағынан әнім жетті,  
Сағыныш өзегімді қарып өтті,  
шіркін!  
Ақниет қыран аға,  
Ақпейіл жыр-ән аға,  
Қасында қала алмадың кінәлама.  
Аққу боп кетсем деймін,  
Отанға жетсем деймін,

Сағыныш шерімді бір төксем деймін.  
Сәкен:  
Баянды болсын сенің ұшар бағын,  
Қолыңды қош айтысып  
қыса алмадым, шіркін!  
Мөп-мөлдiр жанарың-ай,  
Жазидар жамалың-ай,  
Қалдым-ау тіл қата алмай,  
қарағым-ай.  
Қасына бара алмадым,  
Сездің бе жан арманым,  
Еріксіз қалқам саған ән арнадым.  
Гүлсинай:  
Алыстан аңсап елге жеткенімде,  
Ағатай медеу болдың көп көзінше,  
шіркін!  
Баянды бақ тіледің,  
Қабыл боп ақ тілегің,  
Ақ таңым Отанымда атты менің.  
Арналды әнім менің,  
Туған ел бағым менің,  
Қарсы алды Атамекен қалың елім.  
Әу баста бір қызға, яғни Әмина Ержескқызына арналып шыққан ән Қытай еліндегі бүткіл қазақ жұртының туған елге деген сағынышты махаббатындай керемет сазға айналды. Ықылас білдіріп тыңдаған кісі болса, құлағының құрышын қандырады. Мұндайда:

Ән – жүректің ажары,

Ән – жүректің газалы,

Әнді сүйген қазақтың,

Тарқамасын базары, – десек болады.

Жуырда Сәкен Қалымов пен Гүлсинай Серік осы әнге бейнебаян түсіріпті. Керемет! Әсем ән әсем табиғатпен үндескен. Тыңдай бергің келеді. «Ән ұрпақтан ұрпаққа жалғасса екен» деп алдына мақсат қойып, соған қол жеткізген Сәкен әншіге риза боласын.

Сөз кезегінде Тынышбайдың қысқаша өмірдерің берейік:

Тынышбай Рахым 1946 жылы 12 қыркүйекте Өзбекстан Республикасы, Ташкент облысы, Жоғарғы Шыршық ауданының Свердлов атындағы ұжымшарында дүниеге келген. Оны өзі былай деп жазады:

Қыркүйекте туыппын, салқын түскен

Боялған шақ дүние алтын түспен.

Қызыл шақа тіршілік шыр етіпті,

Ең алғашқы өзіндік мәрттік күшпен...

Ел басына күн туған аласапыран жылдардың бірінде Тынышбайдың атасы осы күнгі Қарағанды облысының Жаңарқа жерінен Өзбекстанға ауған. Бертінірек, яғни 1961 жылы Жамбыл облысы Сарысу ауданының орталығы Жаңатасқа көшіп келген. Тынышбай осы жерде туған қарындасымен бір сыныпта оқыған көршінің қызы, болашақ жары Қарашашпен танысқан. Жамбылдың мәдени-ағарту училищесіне түсіп, музыкалық аспаптарды шебер меңгерген. Әдемі дауысы бар Тынышбай өзі шығарған әндерін нотаға түсіріп, орындап жүрді. Студент кезінде, яғни 1966 жылы «Жанатастай жас қала, жас арудай жайнаған» деп әсерлі қайырылатын алғашқы ән «Жанатас көктемі» жарыққа шықты. Кезінде мұны Қазақстанның Халық артисі Зейнеп Қойшыбаева орындап, тыңдарманның көзайымына айналған болатын. Мұнан басқа көпке таралған «Көктем келді», «Қош махаббат», жоғарыда тоқталып өткен «Боз орамал», «Бар ма менің жазығым?» атты танымал әндері бар. Қазақстан телевиденісіннің алтын қорында композитордың өзі орындауындағы «Көктем келді» әні сақталыпты. «Бар ма менің жазығым?» әні бүгінде «Музарт» тобының репертуарынан берік орын алса, «Боз орамалды» Сәуле Жанпейісовадан кейін Нұрлан Өнербаев, Асқар Жүнісбеков орындады. Білгеніміз, сазгер-ақынның 60-қа тарта әндері бар дейді. Ал өзі бір сұхбатында 80 ән жаздым депті. Рас шығар. Бірақ «Алтайдың ар жағынан келген ару» әнінің орны бөлек. Тынышбай Рахым десек, бірінші осы ән ойға оралады. Ол бірнеше өлең кітаптың авторы, лирик ақын, Ілияс Жансүгіров атындағы әдеби сыйлықтың иегері.

Өмірлік жары Қарашаш Ахметқызы: «Тынышбай өлеңдерін жатқа оқитын. Жазғандарының алғашқы тыңдаушысы мен болатынмын. Тіл маманымын ғой айтайын, керемет ақындар көп, бірақ маған Тынышбайдан артық ақын жоқ» депті. «Балаларының ішінде әке жолын қуғандары бар ма?» деген журналист сұрағына: «Ақыннан ақын тұмайды» деген рас шығар, егер немерелерінен шығып жатса, қуанамын» деп жауап қайырыпты.

Тынышбай Рахымның ақындық жолға біржола бет бұруы 1971 жылдан басталған сынайлы. Оны Мұқағалиға арнаған мына өлеңінен аңғаруға болады:

Жыр дәптерін аркалап,  
Алматыға келгенде  
Бір ақынды көргенде  
Оған сәлем бергенде  
Соңына оның ергенде  
1971, январдың үші еді  
Сол жыл, сол күн, сол сәттер  
Жиі есіме түседі.

2006 жылы Тынышбай Рахымның 60 жылдығына байланысты Алматыда өткен еске алу кешіне (1999 жылы өмірден озған) «Алтайдың ар жағынан келген ару» әнінің кейіпкері Әмина Ержескқызы арнайы келеді. Сол жылы өзіне керемет ән арнаған ақынның жұбайы Қарашаш Ахметқызымен танысады. Қонақ болып қайтуға шақырады. Әминаның шақыруын қабыл алған Қарашаш қасына бір қызын ертіп Қытайға барған. Он күн қонақ болып қайтқан.

Жоғарыда біз «Алтайдың ар жағынан келген ару» әнін тарихи әрі тағдырлы ән дедік. Тарихи ән екені түсінікті болды, ал неге тағдырлы? Қорғалмаушылық, қызғанушылық, етектен тартушылық сияқты пенделіліктер Тынышбай Рахымды да айналып өтпеген.

«Қытай қазақтарының аузында «Ақ көйлек» деген ән бар екен. Тынышбай сол әннің сөзін өзгертіп, сазын да пайдаланған» деген қаңқу сөз шығады және ол күн озған сайын гүлдей береді. Амалы таусылған Тынышбай сол жылдары «Егемен Қазақстан» газетінде қызмет ететін журналист Қали Сәрсенбайға шағынады. Қали бұл керуені жатқайдан хабары барын айтып, сазгерді сабырға шақырған.

– Бұлай болмайды, дәлелдеуіміз керек, – дейді Тынышбай. Ойласа келе екеуі Нұрғали Нұсіпжанов пен Нұрғиса Тілендиевке барады. Олардың пікірлерін алады. Осындай күндердің бірінде газет редакциясына Қытай қазақтары, олардың бүткіл әндерін білетін Оразакан Асқар дейтін белгілі каламгер арнайылап келіп, «Ақ көйлек» әнінің нотасын береді. Екі әннің бір-біріне жанаспайтыны белгілі болады. Бұл нағыз дәлел еді. Осыдан соң Қали Сәрсенбай «Егемен Қазақстан» газетіне «Әсем әнге арыш» деген тақырыппен көлемді мақала жазып бастырады.

Қазақ поэзиясы мен өнеріне еңбегі сіңген ақын, композитор, әнші, тележүргізуші, бірнеше музыкалық аспаптарды шебер меңгерген сегіз қырлы, бір сырлы азамат Тынышбай Рахымның туғанына биыл 80 жыл толады. Ән мен жыр сүйер қазақ халқы барда Тынышбай шығармалары, оның ішінде композиторлық қырының шырқау шыны, біз осы мақалаға арқау еткен «Алтайдың ар жағынан келген ару» әні ұмытпаймыз рухани-көркем дүние ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасары анық.

Темірбек ЕСЖАНОВ,  
ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметші,  
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Меншік иесі:

«Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор-Бас редактор  
Егиншибаева Анар  
Жақсыбекқызы

Жауапты хатшы  
Зибаш ӘЛИ  
8 705 982 76 61

Ақылдастар алқасы:  
Әбілбай Садықбаев  
Рысбай Көрімов

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде қайта тіркеліп, 2025 жылдың 30 маусым айында еселке алу туралы номері KZ 53VPY00123138 күәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Ғ, 19.10.2007 ж

Редакцияның

мекен-жайы:

Тоқмағанбетов

көшесі 36 а,

1 қабат 4 кабинет

Телефон:

8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсыннов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62  
Газеттің басылу саласына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты  
Тел: 23-54-91

Қолжазба еңделеді және авторға қайтарылмайды  
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді  
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 8536 дана

Индекс 66503

Тапсырыс №89

E-mail: gazeta\_eltilegi@mail.ru

Электронды нұсқасы:  
[https:// ret-gazeta.kz/](https://ret-gazeta.kz/)